

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Түпнұсқа тілі бірліктерін аударма тілі бірліктеріне түрлендіретін және олардың мағынасын жеткізетін аударма процесі:

- A) аударманың трансформациялық-семантикалық моделі
- B) аударманың жағдаятты-трансформациялық моделі
- C) аударманың семантикалық моделі
- D) аударманың трансформациялық моделі
- E) аударманың жағдаятты моделі

2. Түпнұсқа тұрақты тіркесінің ұлттық-этникалық мәнін жеткізу үшін қолданылатын аударма тәсілі:

- A) синтаксистік үйлесім
- B) модуляция
- C) сөйлемнің біріктірілуі
- D) калькалау
- E) сөйлемнің мүшеленуі

3. Ақпараттық аударма:

- A) белгілі бір ақпаратты хабарлау функциясы бар мәтіндерді аудару
- B) аудармашының оратор сөзін тоқтатқан сәттен бастап аударуы
- C) жазбаша мәтін түріндегі түпнұсқаны көзбен қабылдап жазбаша түрде аудару
- D) көркем әдебиет шығармаларын аудару
- E) аудармашы оратордың сөзін тыңдай отыра онымен бірдей уақытта ауызша аудару

4. Бір тілден екінші тілге бір бағытта аудару:

- A) екіжақты аударма
- B) синхронды аударма
- C) жазбаша аударма
- D) біржақты аударма
- E) диахронды аударма

5. Аударма мен бейімді транскодтауды айқын ажыратқан зерттеуші:

- A) О.Каде
- B) В.Комиссаров
- C) П.Ньюмарк
- D) Р.Якобсон
- E) Ю.Найда

6. Бір тілден екінші тілге және керісінше аудару:

- A) екіжақты аударма
- B) біржақты аударма
- C) жазбаша аударма
- D) синхронды аударма
- E) диахронды аударма

7. Түпнұсқа тілін жетік меңгерген, қазіргі заманғы техника, ғылым терминдерінен хабары бар, сауаттылық пен сөздікпен жұмыс істей алуды жақсы меңгерген аудармашы:

- A) техникалық мәтін аудармашысы
- B) заң құжаттары аудармашысы
- C) экономика мәтіні аудармашысы
- D) жазбаша аудармашы
- E) аудармашы-синхронист

8. «Аударма эквиваленттілігі – бастапқы тіл мен аударма тіл арасындағы семантикалық өлшем» деген эквиваленттілік анықтамасын берген зерттеуші:

- A) Р.Якобсон
- B) В.Комиссаров
- C) П.Ньюмарк
- D) Ю.Найда
- E) И.Алексеева

9. Кең пәндік-логикалық мәні бар түпнұсқа сөзін немес сөз тіркесін тар мағыналы аударма сөзі немесе сөз тіркесімен алмастыру:

- A) калькалау
- B) транслитерация
- C) нақтылау
- D) жалпылау
- E) транскрипция

10. Аудармашылық сәйкестіліктер жүйесі түсінігінің сипаты:

- A) тұрақты
- B) трансформациялық
- C) баламалық
- D) динамикалық
- E) экспрессивтік